

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Мектеп директорлары мен профессор-оқытушылар құрамын аттестаттау ережесі		УЕ-05-01-08
Бекітілді 30.04.2026 ж.	Басылым №3	13 беттің 1-сі



УЕ-05-01-08
**МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫ МЕН ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР
 ҚҰРАМЫН АТТЕСТАТТАУ ЕРЕЖЕСІ**

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Мектеп директорлары мен профессор-оқытушылар құрамын аттестаттау ережесі		УЕ-05-01-08
Бекітілді 30.04.2026 ж.	Басылым №3	13 беттің 2-сі

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

ӘЗІРЛЕГЕНДЕР:

Әкімшілік бөлімінің басшысы



К. Тубеков
«__» _____ 2026 ж.

Әкімшілік бөлімінің бас маманы



Б. Зияев
«__» _____ 2026 ж.

КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор



Л. Шалабаева
«__» _____ 2026 ж.

Аппарат басшысы



Т. Исаков
«__» _____ 2026 ж.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысы



Д. Бейсембаева
«__» _____ 2026 ж.

Заңгер



Е. Тасов
«__» _____ 2026 ж.

Сапаны қамтамасыз ету бөлімінің басшысы.



Ж. Сейткулова
«__» _____ 2026 ж.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Мектеп директорлары мен профессор-оқытушылар құрамын аттестаттау ережесі		УЕ-05-01-08
Бекітілді 30.04.2026 ж.	Басылым №3	13 беттің 3-сі

МАЗМҰНЫ

1	Қолданылу саласы	4
2	Жауапкершілік және өкілеттілік	4
3	Аттестаттауға құжаттарды қабылдау	5
4	Аттестаттау комиссиясын құру	7
5	Аттестаттауға қатысушылардың құжаттарын қарау тәртібі	8
6	Өзгерістерді енгізу тәртібі	9
7	Келісу, сақтау және тарату	9
8	Өзгерістерді тіркеу парағы	10
9	Танысу парағы	11
10	Қосымша 1 – Аттестатталатын профессор-оқытушылар құрамы	12
11	Қосымша 2 – Аттестатталатын оқытушы туралы жалпы ақпарат	13

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 IUTA INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Мектеп директорлары мен профессор-оқытушылар құрамын аттестаттау ережесі		УЕ-05-01-08
Бекітілді 30.04.2026 ж.	Басылым №3	13 беттің 4-сі

1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Мектеп директорлары мен профессор-оқытушылар құрамын аттестаттау ережесін (бұдан әрі – Ереже) қабылдаудың мақсаты тиісті лауазымды белгілеу және растау үшін «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» КеАҚ (бұдан әрі – Университет) профессор-оқытушылар құрамының біліктілік талаптарға сәйкестік деңгейін анықтау, сондай-ақ жеке жетістіктерін жобалау үшін олардың мотивациялық сферасын кеңейту.

1.2 Осы Ереже Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V «Еңбек кодексі», Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі» және Университет Жарғысына сәйкес әзірленген.

1.3 Аттестаттаудың негізгі қағидадары университеттің аттестатталатын қызметкеріне объективті қарым-қатынасты, сыртқы және ішкі бағалаудың жүйелілігі мен тұтастығын қамтамасыз ететін айқындылық пен алқалылық болып табылады.

1.4 Мектеп директорлары мен профессор-оқытушылар құрамын аттестаттау (бұдан әрі – мектеп құрамы) университеттің педагогикалық және оған теңестірілген лауазымдар үшін өткізіледі:

1.4.1 Ағымдағы оқу жылына келісім шартпен штатқа жұмысқа қабылданған профессор-оқытушылар құрамы қабылданғаннан кейін 1 жылда бір рет;

1.4.2 Аттестаттау комиссия шешіміне сәйкес ғылым докторы, ғылым кандидаты, PhD., ғылыми дәрежесі бар, сонымен қатар ғылым магистрі академиялық дәрежесі бар Мектеп құрамы комиссия шешіміне сәйкес мерзімінде аттестатталады.

1.5 Аттестаттау рәсімін Басқарма төрағасы – Ректор бекітеді.

1.6 Мектеп құрамын аттестаттау Басқарма төрағасы – Ректор бұйрығымен құрылған аттестаттау комиссиясы өткізеді.

1.7 Университеттің Мектеп құрамы штаттық кестеде белгіленген және еңбек шарты бойынша жұмысқа қабылдау туралы бұйрықта көрсетілген лауазым негізінде аттестаттаудан өтеді.

1.8 Мектеп құрамы өз өтініштері негізінде мерзімінен бұрын аттестаттаудан өте алады:

– пәндік олимпиадалардың, ғылыми-практикалық конференциялардың, шығармашылық байқаулардың, облыстық, республикалық немесе халықаралық деңгейдегі спорт жарыстарының жүлдегерлерін дайындаған тұлғалар;

– республикалық немесе халықаралық деңгейдегі кәсіби конкурстардың жеңімпаздары болып табылатын тұлғалар;

– басқа ұйымдардан ғылыми-педагогикалық жұмысқа ауысқан және бейіні бойынша кемінде бес жыл практикалық жұмыс өтілі бар тұлғалар;

– аттестаттау кезеңінде ғылыми дәрежесін (PhD), профессор немесе доцент атағын, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы атағын алған тұлғалар.

2. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

2.1 Университеттің осы ережесі Университеттің Ғылыми кеңес мәжілісінде талқыланады және бекітіледі.

2.2 Университеттің осы Мектеп құрамын аттестаттау ережесі аттестаттау талаптарының рәсімін айқындайды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 IUHA INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Мектеп директорлары мен профессор-оқытушылар құрамын аттестаттау ережесі		УЕ-05-01-08
Бекітілді 30.04.2026 ж.	Басылым №3	13 беттің 5-сі

2.3 Университеттің Мектеп құрамын аттестаттауды ұйымдастыру жұмыстарына Әкімшілік бөлімі жауапты болады.

3. АТТЕСТАТТАУҒА ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ

3.1 Университеттің Мектеп директорларын аттестаттау біліктілік талаптарға сәйкес қызмет қорытындыларын талдамалық жинақтау жолымен жүзеге асырылады.

Аттестаттау комиссиясының қарауына келесі құжаттар ұсынылады:

Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар бойынша:

- Білім беру бағдарламаларды іске асыру туралы;
- Іске асырылатын және жаңа өзекті, сұранысқа ие білім беру бағдарламаларын жаңарту және әзірлеу мақсатында еңбек нарығын, ішкі және сыртқы стейкхолдерлердің сұраныстарын мониторингтеу және талдау;
- Білім беру бағдарламаларының бағдарламалық аккредитациядан сәтті өтуінің нәтижесі;
- Мектептің оқу-әдістемелік қызметінің нәтижесі;
- Білім алушылардың білім сапасын бақылау нысандары мен әдістерін жетілдіру;
- Білім алушылардың барлық кәсіптік практика түрлерін ұйымдастыру;
- Білім алушылар мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру;
- Университеттің кәсіпорындармен, мекемелермен, ұйымдармен және басқа да құрылымдармен жасалған шарттары негізінде білім алушыларды даярлау;
- Отандық және шетелдік талапкерлерді тарту;
- Өңірлік және республикалық деңгейлерде ұйымдардағы бос жұмыс орындарына, жұмысқа орналасуға және мансаптық өсуге мониторинг жүргізу.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша:

- Әлемдік рейтингтік ғылыми индекстегі жарияланымдар (Университет атауы көрсетілген жағдайда, қосалқы авторлық тек өз ғылыми бағыты бойынша, Journal Citation Reports (Clarivate Analytics) үшін квартиль және CiteScore (Scopus) үшін процентиль) көрсеткіші;
- Әлемдік рейтингтік базалардағы Хирша (h) индекс деңгейі;
- Ғылыми журналдардағы жарияланған мақалалар саны;
- ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын ғылыми басылымдардағы жарияланымдар нәтижелері;
- Конференцияларға қатысу белсенділігі;
- Ғылыми жобалар мен ғылыми-зерттеу жұмыстары және олардың қаржыландыру көлемі (жоба жетекшілері мен орындаушылары);
- Өнертабыстық патенттер саны;
- Оқу үдерісіне және ғылымға ендіру актілерінің болуы;
- «ЖОО Үздік оқытушысы» гранты жеңімпаз атануы;
- Халықаралық грант, халықаралық стипендия немесе «Болашақ» стипендиясының иегер болуы;
- Ғылым саласындағы Мемлекеттік ғылыми стипендия иегер болуы;
- Оқу үдерісі және ғылыми-шығармашылық жұмыстар бойынша марапаттар мен сыйлықтарға қол жеткізу деңгейі (үкіметтік, халықаралық наградалар, бекітілген ресми тізім бойынша);
- Ғылыми атақ алу (ҚР ҒЖБМ, ҒЖБСКК, диплом алған жағдайда);

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Мектеп директорлары мен профессор-оқытушылар құрамын аттестаттау ережесі		УЕ-05-01-08
Бекітілді 30.04.2026 ж.	Басылым №3	13 беттің 6-сі

- Диссертацияларға пікір беру тәжірибесі;
- Докторлық диссертацияларға оппонент ретінде қатысуы;
- Халықаралық рейтингтік журналдарда (SCI, SCI-E SSCI, ANCI), Аккредиттеу агенттіктерінде, Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығында сарапшы болуы;
- Халықаралық және отандық журналдардың редакциялық алқа мүше болуы;
- Ғылыми-тәжірибелік семинар-конференцияларда модератор, алқа мүшесі, түрлі комиссия, жобалау топтарына мүше болуы;
- Дөңгелек үстелдер, форумдар, конференциялар ұйымдастыру тәжірибесі.

Тәрбие, қоғамдық жұмыс бойынша:

- Білім алушыны бай рухани әлемі, мәдениеті бар, Қазақстанның азаматы және патриоты ретінде қалыптастыруға ықпал ету;
- Сапа менеджменті жүйесі, кадр саясаты, ресурстар және Университеттің ақпараттық ортасының сервистері негізінде мектептің қызмет түрлерін басқарудың тиімді жүйесін дамыту;
- Университет, ұжым имиджін арттыру бойынша әлеуметтік желілерге (Facebook, ВКонтакте, Instagram) шығу, белсенділік таныту;
- Атқарылған қызметтің лауазымдық нұсқаулыққа сәйкестік деңгейі;
- Университетті дамытуға қосқан ұсыныстары;
- Университет даму бағдарламасын іске асырудағы үлесі;
- Университет қызметіндегі жалпы белсенділігі.

3.2 Университеттің Мектеп құрамын аттестаттау біліктілік талаптарға сәйкес қызмет қорытындыларын талдамалық жинақтау жолымен жүзеге асырылады.

Аттестаттау комиссиясының қарауына келесі құжаттар ұсынылады:

- 1) Әкімшілік бөлімінен аттестаттауға жататын Мектеп құрамының тізімі (*Қосымша 1*);
- 2) Аттестатталатын Мектеп құрамының академиялық үдеріске қатысты атқарған жұмыстары жөнінде тиісті бөлім басшыларының берген қорытынды ақпараттары;
- 3) Аттестатталатын Мектеп құрамының жұмысы туралы Мектеп директорының пікірі.

Мектеп директорының пікірі келесі ақпаратты қамтуы тиіс:

Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар бойынша:

- Пән бойынша оқу-әдістемелік контенттер дайындау;
- Оқулық, оқу құралы және оқу-әдістемелік құралдарын дайындау;
- Оқу үдерісіне инновациялық технологияларын қолдану;
- Ашық сабақтар өткізу негізінде нәтижелерін бағалау көрсеткіштері;
- Білім беру бағдарламаларды іске асыру туралы;
- Студенттердің оқытушыға сауалнамасының нәтижелері;
- Жергілікті атқарушы органның және Туризм және спорт министрлігінің туризмді дамытуды жүзеге асыру жөніндегі өтінімдері бойынша қызметі;
- Кәсіби немесе ғылыми біліктілігін жоғарылату.

Ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша:

- Әлемдік рейтингтік ғылыми журналдардағы жарияланымдар (Journal Citation Reports (Clarivate Analytics) және CiteScore (Scopus));
- Ғылыми журналдарда жарияланған мақалалар;
- Конференциялар жинақтарындағы мақалалар немесе қатысу сертификаттары;
- Монографиялар;
- Ішкі гранттық қаржыландырылатын ғылыми жобалар мен ғылыми-зерттеу жұмыстары;

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі		Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Мектеп директорлары мен профессор-оқытушылар құрамын аттестаттау ережесі		УЕ-05-01-08
Бекітілді 30.04.2026 ж.	Басылым №3	13 беттің 7-сі

- Өнертабыстарға патенттер және авторлық құқық куәліктері;
- Ғылым нәтижелерін оқу үдерісіне және практикаға енгізу актілері;
- Олимпиадалар, конкурстар, конференциялар және басқа да жарыстардың жеңімпаздары (білім алушылар бойынша);
- Білім алушыларға ғылыми жетекшілік ету;
- Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған жобалар/бағдарламалардың жетекшісі немесе орындаушысы;
- Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың (ҒЗТҚЖ) жетекшісі немесе орындаушысы.

Тәрбие жұмысы бойынша:

- Түрлі форматтағы зияткерлік, танымдық іс-шаралар ұйымдастыру;
- Спорттық және тәрбиелік жұмыстарға қатысу туралы;
- Мәдени-спорттық шығармашылық байқаулар мен жарыстарда жүлделі орындарға ие болған білім алушыларға жетекшілік;
- Салауатты өмір салтын және жастардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру бойынша жүргізілген іс-шаралар.

Қоғамдық іс-шараларға қатысуы.

4) Аттестатталатын Мектеп құрамының ағымдағы оқу жылында бекітілген Индикативтік жоспары аясында атқарған жұмыстары бойынша тіркелген портфолиосы.

3.3 Аттестаттауға университетте кемінде 9 ай ғылыми, педагогикалық жұмыс өтілі бар Мектеп құрамы қатысады.

3.4 Университет Мектеп құрамының аттестациясы келесі себептерге байланысты кейінге қалдырылуы мүмкін:

- ұзақ уақыт еңбек ету қабілетінен айырылу (екі айдан артық емес);
- бала күтімімен демалыста болу, 3 жасқа дейінгі баланы күту;
- шетелдік қызметтік іс-сапарда болу.

3.5 Аттестаттауға жатпайды:

- зейнеткерлік жастағы оқытушылар;
- зейнеткерлік жасқа дейінгі оқытушылар (ҚР қолданыстағы заңнамасында белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін екі жыл).

3.6 Мерзімінен бұрын аттестаттау (немесе жұмыс мәртебесін мерзімінен бұрын жоғарылату) осы Ереженің 1-тармағының 1.8 тармақшасында көрсетілген Мектеп құрамы пайдалана алады.

4. АТТЕСТАТТАУ КОМИССИЯСЫН ҚҰРУ

4.1 Аттестаттау комиссиясының құрамы және оның өкілеттік мерзімдері Басқарма төрағасы – Ректор бұйрығымен айқындалып, бекітіледі.

4.2 Аттестаттау комиссиясы келесі құрамда құрылады: аттестаттау комиссиясының төрағасы, төраға орынбасары, комиссия мүшелері және хатшы.

4.3 Аттестаттау комиссиясы аттестаттаудың нысандарын, рәсімдерін, нақты мерзімдерін анықтайды, құжаттаманы талдайды, аттестаттау нәтижелері бойынша шешім қабылдайды.

4.4 Аттестаттау комиссиясының негізгі міндеттері:

- 4.4.1 Барлық үміткерлерге аттестаттаудан өту үшін бірдей мүмкіндіктер беру;
- 4.4.2 Аттестаттауға қатысушылар арасында әділ бәсекелестікті қамтамасыз ету;
- 4.4.3 Аттестаттауды өткізудің объективтілігін, жариялылығын бақылауды жүзеге асыру.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 IUTA INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Мектеп директорлары мен профессор-оқытушылар құрамын аттестаттау ережесі		УЕ-05-01-08
Бекітілді 30.04.2026 ж.	Басылым №3	13 беттің 8-сі

4.5 Аттестаттау комиссиясына бұрын қабылдаған шешімдердің заңдылығы мәселелері бойынша берілген шағымдарды уақтылы қарау және шешу.

4.6 Басқарма төрағасы – Ректормен бекітілген аттестациялық комиссия құрамы тұрақты жұмыс атқарады.

5. АТТЕСТАТТАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЖАТТАРЫН ҚАРАУ ТӘРТІБІ

5.1 Мектеп құрамы аттестаттаудан өткізу кезеңдері:

5.1.1 Университеттің Мектеп құрамының аттестаттау құжаттарын жинақтау;

5.1.2 Академиялық үдеріске қатысты атқарған жұмыстары жөнінде тиісті бөлім басшыларының берген қорытынды ақпараттарын сараптау;

5.1.3 Аттестатталатын оқытушыға мектеп директорының ұсынған пікірін қарау;

5.1.4 Аттестатталатын оқытушының (индикативтік жоспарына сәйкес) атқарған жұмысы бойынша тіркелген портфолиосымен танысу.

5.2 Университеттің Мектеп құрамының аттестаттау материалдарын мектеп директоры аттестаттау комиссиясына өткізеді.

5.3 Аттестаттау комиссиясының мәжілісінде Мектеп құрамын аттестаттау құжаттары зерделенеді, шешім жобасы бекітіледі және ұсынымдар әзірленеді.

5.4 Университеттің әр Мектеп құрамы үшін аттестаттау комиссиясы келесі шешімдердің бірін дауыс беру арқылы қабылдайды:

– мектеп бойынша атқаратын лауазымына сәйкес келеді;

– мектеп бойынша атқаратын лауазымына сәйкес келмейді.

Аттестаттау комиссиясының шешімі хаттамамен ресімделіп және аттестаттау парағында тиісті жазба жасалады, аттестатталушы қорытындымен таныстырылады (*Қосымша 2*).

5.5. Хаттама мен аттестаттау парағына дауыс беруге қатысқан төраға, аттестаттау комиссиясының мүшелері және хатшы қол қояды.

5.6. Комиссия мәжілісіне мүшелердің кемінде 2/3 қатысса, шешім қабылданды деп саналады.

5.7. Дауыс беру нәтижелері қорытынды мәжіліске қатысқан комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен анықталады. Дауыстар тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

5.8. Аттестаттау комиссиясы «*атқаратын лауазымына сәйкес келмейді*» деген шешім қабылдаған жағдайда:

– профессор-оқытушылар құрамының еңбек шарты оның жасалу мерзіміне қарамастан тоқтатылады;

– аттестатталатын өзге де педагог қызметкерлер келесі аттестаттауға дейін оқытушылық лауазымын қоса атқаруға рұқсат етілмейді;

– аттестаттау комиссиясының шешімі бойынша ерекше жағдайларда оқытушылар құрамына 3 айдан 6 айға дейін сынақ мерзімі берілуі мүмкін.

Аттестаттау комиссиясының шешімі Басқарма төрағасы – Ректор бұйрығымен бекітіледі.

5.9 Университет Мектеп құрамының қызметкерінің оқу-әдістемелік жұмысының және/немесе ғылыми-зерттеу жұмысының көрсеткіштері төмен немесе теріс нәтиже ретінде сәйкестендірілген жағдайда, аттестаттау комиссиясы жиынтық коэффициентке қарамастан, мектеп бойынша атқаратын лауазымына сәйкес еместігі туралы шешім қабылдауға құқылы.

5.10 Аттестаттау комиссиясы даулы жағдайларда аттестаттау комиссиясының мәжілісіне аттестатталатын Мектеп құрамына мектеп директорын шақыруға және аттестатталушының

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 IUTA INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Мектеп директорлары мен профессор-оқытушылар құрамын аттестаттау ережесі		УЕ-05-01-08
Бекітілді 30.04.2026 ж.	Басылым №3	13 беттің 9-сі

ағымдағы жұмысын бағалауға мүмкіндік беретін қосымша материалдарды (оқытушының жеке жұмыс жоспарын, өзара сабаққа қатысу журналын және т.б.) сұратуға құқылы.

5.11 Аттестаттау комиссиясының шешімімен келіспеген жағдайда, аттестатталушы оған Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдана алады.

5.12 Аттестаттау комиссиясының жұмысы аяқталғаннан кейін 10 жұмыс күн ішінде Басқарма төрағасы – Ректор Мектеп құрамын аттестаттау / аттестаттамау туралы бұйрық шығарады.

5.13 Басқарма төрағасы – Ректор бұйрығы шыққаннан кейін 10 жұмыс күн ішінде оқытушыларға аттестаттау комиссиясының шешімі және кәсіби қызметті жетілдіру бойынша ұсыныстар туралы жазбаша хабарлама жіберіледі.

5.14 Аттестаттау комиссиясының мәжіліс хаттамаларының көшірмелері Әкімшілік бөліміне беріледі және бұйрықтан үзінділер қызметкерлердің жеке істеріне тігіледі.

5.15 Аттестаттау нәтижелері Мектеп құрамының кәсіби қызметіне және аттестаттау комиссиясына түскен ұсынымдардың орындалуына одан әрі мониторинг жүргізуді ұйымдастыру мақсатында мектеп директорларына жіберіледі.

5.16 Аттестаттау комиссиясының ұсынымдарының орындалу дәрежесі Мектеп құрамын, кезекті аттестаттау процесінде талданады және шешім қабылдаған кезде ескеріледі.

6. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

6.1 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Ғылыми кеңес мәжілісінің шешімімен енгізіледі.

6.2 Осы Ережеге енгізілген өзгерістер «Өзгерістерді тіркеу парағында» тіркелуі тиіс.

7. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

7.1 Осы Ереже Университеттің Басқарма төрағасы – Ректор бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

7.2 Ережені әзірлеу және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Әкімшілік бөліміне жүктеледі.

7.3 Осы бекітілген Ереженің жұмыс данасы Әкімшілік бөліміне, ал бақылау данасы Сапаны қамтамасыз ету бөліміне сақтауға беріледі.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі	 INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY	Министерство туризма и спорта Республики Казахстан
«Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы		Некоммерческое акционерное общество «Международный университет туризма и гостеприимства»
Мектеп директорлары мен профессор-оқытушылар құрамын аттестаттау ережесі		УЕ-05-01-08
Бекітілді 30.04.2026 ж.	Басылым №3	13 беттің 13-сі

Қосымша 2

Халықаралық туризм және меймандостық университеті

Аттестатталатын Мектеп құрамы туралы жалпы ақпарат

1.	Аты-жөні (толық)	
2.	Қызметі	
3.	Туған күні, айы, жылы Жасы	
4.	Ғылыми-педагогикалық өтілі	
5.	ХТЖМУ өтілі	
6.	Базалық білімі	
7.	Магистратура	
8.	Ғылыми дәрежесі	
9.	Ғылыми атағы	
10.	Менгерген тілдері	

Аттестаттау нәтижесі

Аттестаттау процедуралары	Аттестаттауға сәйкес келеді/ сәйкес келмейді	Түсіндірме
1. Индикативтік жоспар аясында атқарған жұмыстары		
2. Мектеп директорларының пікірі		
3. Мектеп құрамының академиялық үдеріске қатысты атқарған жұмыстары жөнінде тиісті бөлім басшыларының ұсыныстары		
Жалпы қорытынды		

Аттестатталушының қолы

Аттестаттау комиссиясының
төрағасы:

Төраға орынбасары:

Комиссия мүшелері:

Хатшы:
